

«Бекітемін:»

«Бал-бөбек»бөбекжай балабақшасы ЖШС

Меңгерушісі:



«Бал-бөбек»бөбекжай балабақшасының
2020-2021 оқу жылына арналған Меңгеруші
жанындағы кеңестің хаттамалары.

Шұбарсу елді мекені

2020-2021 оқу жылы

Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №1

23.11.2020 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға танымдық және шығармашылық күзінеттіліктерін арттыру.
2. Сауықтыру шараларын талдау және ертеңіліктердің сценарилерін бекіту.
3. Ата-аналар бұрышын және топтардағы бұрыштарды ішінара толықтыру және жаңғырту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Бақтыгүл Сейіткеримова мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық кезеңі өте қарқынды өтеді. Ана тілін меңгеруі, түстерді қабылдауы қалыптасады, көлем, форма, кеңістікті бағдарлау, уақытты бағдарлау, зейін, ес, қиял түрлері, ойлау операциялары: топтау, жинақтау, салыстыруы қалыптасады және осы танымдық күзінеттілігін арттыру үшін оларды қызығатындай дәрежеге жеткізу керектігіне тоқталды, қазіргі таңда балалар техникалық материалдарға көбірек қызығады сондықтан баланың қызығушылығында ескерген дұрыс екендігіне, ал баланың шығармашылық қабілеттерін тапқақтар, ертегілер, сурет салу және жапсыру арқылы дамытуға болады. Күніне бір екі әңгіме айтып, қызықты жұмбақтар жасырудың пайдасы көп екендігін айтып өтіп, тәрбиешілерге кеңінен қолдану талап қойылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Ж.Лесбекова сөз алып балаларды сауықтыру шараларын талдауға салып мамандардың қосып алар ұсыныстарын айтуды ұсынды. Балабақша тәрбиешісі Сейткеримова Бақтыгул Мухтаровна балабақшаның күндік режимі бойынша жұмыстарды атқарамыз, топтың тазалығы, ауаны алмастыру, ылғалды тазартқыш, балалармен таза аудағы серуен, дәрумендер қабылдау, дене қызу жаттығуларын жасау, қимыл қозғалысты ойындар, гигиеналық өзін өзі таза ұстауы балаларға үйретіледі және ол күнделікті орындалатындығын айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі Сейткеримова С.М. алдағы келе жатқан даталы күндер мен мерекелі күндерге арналған ертеңіліктердің сценарилерін ұсынды және ол ұсыныстар бір ауыздан әріптестер тарапынан қолдау тапты.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі С.Сағынбекқызы ата-аналар бұрышын және топтардағы бұрыштарды ішінара толықтыру және жаңғыртуды қажет етіп тұрған тұстары бар, сол жұмыстардың бірі барлық

топтардағы ата аналар бұрышын жаңарту керек, ал топтардағы безендірілген бұрыштарды толықтыру туралы тапсырма берді. Жоғарыда күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға танымдық және шығармашылық күзінеттіліктерін арттыруда жаңаша технологияларды қолдану үшін ізденістер жасап, оны іске асырсын.

2. Сауықтыру шараларын талдау жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

3. Ұсынылған ертеңгіліктердің сценарилерін бекітілсін

4. Ата-аналар бұрышын және топтардағы бұрыштарды ішінара толықтырылып жаңартылсын.

Меңгеруші:

Хатшы:



Р.Н. Қайыбекова

В.М. Сейткеримова

Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №2

23.12.2020 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1. Мектеп жасына дейінгі баланы көркем әдебиет арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау.
3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру көрнекі дидактикалық материалдарды осы бағдарлама бойынша іске асыру туралы.
4. Балалардың біліктілік деңгейінің мониторингін талдау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ересек топ тәрбиешісі көркем әдебиеттің балаларды Отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі орны ерекше екендігін атап өтті. Көркем әдебиеттегі өлеңді мәнерлеп оқып, шағын әңгімелерді мамұнды етіп жеткізу тәрбиешінің шеберлігіне байланысты екендігіне тоқталып өтті. Мектеп жасына дейінгі балалардың тыңдау қабілеті және есте сақтау қабілеті өте мықты сондықтан тәрбиешіден тыңдаған қысқа өлеңдерді тез жаттайды, шағын әңгімелерді кері баяндап беруіде аса қиындыққа соға қоймайды деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі «Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау» екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова жаңа бағдарлама бойынша орындалып жатқан әрбір маманның жұмысының нәтижесіне анықтама беріп өтті.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алды, педагогтардың жұмыстарын қадағалау барысында ұйымдастырылған оқу қызметтерін қазіргі заманауи, инновациялық технологияларды кеңінен пайдаланып жақсы меңгерген тәрбиешілер:

1. Кушербаева И.А.

2. Сейткеримова С.М.

деп атап өтті. Жоғарыда аталған тәрбиешілердің инновациялық технологияларды ұйымдастырылған оқу қызметінде пайдаланған материалдарымен және тәжірибесін жүйелеп жинақтау туралы ұсынысын білдірді.

Күн тәртібіндегі төртінші «Балалардың біліктілік деңгейінің мониторингін талдау» мәселесі бойынша барлық топтардың тәрбиешілері жеке жеке тәрбиеленушілердің біліктілік деңгейлерінің көрсеткіштеріне пайыздық үлеспен есеп берді және пайыздық үлестегі көрсеткіштеріне жақсы деген баға берілді.


Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Мектеп жасына дейінгі баланы көркем әдебиет арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстары одан ары қарқынды түрде жалғастырылсын
2. Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесі жақсы деп есептелсін.
3. Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру көрнекі дидактикалық материалдарды осы бағдарлама бойынша іске асыру жұмысы күн тәртібінен түсірілмесін.
4. Балалардың біліктілік деңгейінің даму мониторингін талдау жұмысы одан ары жалғастырылсын, біліктілік деңгейінің дамуы жоғарылатылсын.

Меңгеруші: Р.Ш. Қаныбекова

Хатшы: Б.М. Сейткеримова



Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №3

15.02.2021 жыл

Қатысқаны-10

Күн тәртібі

1. 5-6 жастағы балалардың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша күзіреттілікті меңгерту.
2. 8-Наурыз және «Наурыз мерекесі» ертеңгіліктерінің өткізілу сапасы туралы талдау
3. «Қатынас» және «Шығармашылық» білім беру салаларын интеграциялау туралы.
4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын анықтау.
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың денешынықтыру- сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша МАД тобының тәрбиешісі Сейткеримова С.М. ойынның баланың өмірінде алатын орны әрине ерекше, ойын арқылы баланың ой өрісі, ұсақ қол моторикасы, тіл күзіреттілігі қарқынды дамиды, дидактикалық, қимыл қозғалысты ойындарды ойнатуды ұсынды. Әрине барлық оқу қызметтерін ойын арқылы өт деген сөз емес, оқу қызметті шығармашылық пен қатынасты кіріктіру арқылы жүргізсе өте тиімді болады деген ұсынысқа тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «8-Наурыз және «Наурыз мерекесі» ертеңгіліктерінің өткізілу сапасы туралы» бойынша балабақша меңгеруші Р.Ш.Қаныбекова сөз алып 8-Наурыз мерекесіне орай өткен ертеңгілік «Сері жігітпен сылқым бойжеткен» сайыс түрінде өткен ертеңгілік өте жоғары деңгейде өтті. Бүлдіршіндеріміз ұлттық нақышта безендірілген ұлттық киімдерді киіп, сал дәстүрлеріміз бойынша ою ойып, қамшы өріп, қыз қуу ойындарын көрсетті, меркелік ертеңгілікке келген қонақтар мен ата аналар тарапынан балабақша ұжымына, тәрбиеленушілерге үлкен ризашылықтарын білдірді, сайысқа қатысқан бүлдіршіндерімізге құрылтайшы тарапынан арнайы сыйлықтар берілді. «Наурыз» мерекесіндегі ертеңгілікте балабақшада ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырылып, бүлдіршіндерімізге ұлттық тамақтардың қалай дайындалатындығы туралы тәрбиешілеріміз дайындау үлгісін көрсетті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Қатынас» және «Шығармашылық» білім беру салаларын интеграциялау туралы балабақша әдіскері Б.Сейткеримова сөз алып «Қатынас» және «Шығармашылық» білім беру салаларын

интеграциялау арқылы өткен ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерінен мысалдар келтіріп оның тиімді тұстарына тоқталып өтті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын анықтау» бойынша балабақша медбикесі Ж.Лесбекова тамақты алу ережесін, тарату кезіндегі сақтық ережелері туралы қосымша түсіндірме жүргізіп өтті.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың денешынықтыру- сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» бойынша балабақша мейірбикесі Лесбекова Ж. мектепке дейінгі білім беру ұйымында бала денсаулығына мұқият қарау керектігін, талап дұрыс қойылған жерде жұмыстың дұрыс жүретіндігін әр баланың дұрыс дамуына таңғы жаттығудың, дұрыс тамақтанудың, күн режиміне сәйкес таза ауада серуендеудің аса қажетті екендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелерді тыңдай келе төмендегіше

ҚАУЛЫ ЕТТІ

1. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде бағдарламаға сәйкес ойын түрлері көптеп қолданылсын
2. 8-Наурыз және «Наурыз мерекесі» ертеңгіліктерінің өткізілу сапасы жоғары деңгейде өтті деп есептелсін
3. «Қатынас» және «Шығармашылық» білім беру салаларын интеграциялау яғни кіріктіріп өткізу одан ары жалғастырылсын.
4. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасы қатаң сақталсын.
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың денешынықтыру- сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырылсын.

Меңгеруші: Р.Ш. Қаныбекова

Хатшы: Б.М. Сәйткеримова



Ордабасы ауданы «Бал-бөбек бөбекжай балабақшасы» ЖШС

Меңгеруші жанындағы кеңес ХАТТАМАСЫ №4

26.04.2021 жыл

Қатысканы-10

Күн тәртібі

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық тұрғыда келуі және оларды жинақтауы туралы.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі туралы.
3. Қатынас білім беру саласы бойынша «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» балалардың жұмыстарын бағалау.
4. Күн тәртібінің орындалуы және топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы туралы.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық тұрғыда келуі және оларды жинақтауы туралы» балабақша меңгерушісі Р.Ш.Қаныбекова ол өз сөзінде балабақшадағы тәрбиеленушілердің білім алу деңгейін жақсарту оның ішінде қоршаған ортамен таныстыруды түрлендіру, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы балаларға қолайлы әдістерді пайдалануда тәрбиеленушілердің білім сапасы артатындығына жәнетүсініктерінің артатындығына тоқталып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балаларға ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі туралы» балабақша меңгерушісі Р.Қаныбекова мектепке дейінгі білім беру ұйымында ақпараттық технологияларды қолдану жолдары флипчарт, электронды көрнекілік, ақпараттық технология арқылы берілген тапсырмаларды орындай алады, компьютерлік ойын тапсырмаларын еркін орындайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларда ес, қабылдау сияқты психикалық процесстер әлі де болса қалыптаспаған. Сондықтан оларға өз қолдарымен заттарды ұстап көріп, көздерімен көру қажет. Балалардың жас

ерекшеліктерінің сипаттарын ескере отырып, үйрету барысында іс-әрекеттердің жетекші түрі ойын технологиясы болып табылады. АКТ ерте жастан өзекті болып табылатын мүмкіндік, ол – өздігінен жаңа білімді игеру біліктілігі. Компьютер бала өміріне ойын арқылы кіреді. Молайтылған компьютерлік құралдармен ойын іс-әрекеті барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыратын теориялық ойлау, дамыған қиял, әрекеттің нәтижесіне болжам жасау қабілеті, ойлаудың жобалық сапасы туындайды деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Қатынас білім беру саласы бойынша «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» балалардың жұмыстарын бағалау туралы балабақша әдіскері Б.Сейіткеримова топтардағы ашық оқу қызметтеріне еніп «Көркем әдебиет», «Сөйлеуді дамыту» бойынша тәрбиеленушілердің жеткен жетістіктеріне тоқталып әрі бағалап өтті.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Күн тәртібінің орындалуы және топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы туралы» балабақша мейірбикесі Ж.Лесбекова сөз алып күн тәртібіндегі іс-әрекеттердің орындалуы туралы сараптап шықты, балалардың көктемгі күн шуағына даладағы серуендеуі, топтарды желдету санитарлық талаптың ережесі бойынша балалар жоқ уақытта топтарды кварцтеу туралы тоқталып өтті. Серуеннен келген балалардың тазалық торларын пайдалануды ұмытпауы керектігін атап өтті.

Меңгеруші: Р.И.Е. Каныбекова

Хатшы: Б.М. Сейткеримова

Ж.Лесбекова сөз алып күн тәртібіндегі іс-әрекеттердің орындалуы туралы

